

Атырау облысының кейбір білім беру ұйымдарына атау беру және қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 маусымдағы № 369 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., № 11, 81-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мынадай білім беру ұйымдарына:

- 1) "Жалпы білім беретін № 2 орта мектебі" мемлекеттік мекемесіне Жүмекен Нәжімеденовтің есімі;
- 2) "№ 33 жалпы орта білім беретін мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесіне Қасым Қайсеновтің есімі;
- 3) "Жалпы білім беретін № 23 орта мектебі" мемлекеттік мекемесіне Ахмет Байтұрсыновтың есімі;
- 4) "№ 35 мектеп-гимназиясы" мемлекеттік мекемесіне Хамит Ерғалиевтің есімі;
- 5) "Жалпы білім беретін № 22 орта мектебі" мемлекеттік мекемесіне Әлия Молдағұлованың есімі;
- 6) "Жалпы білім беретін № 6 орта мектебі" мемлекеттік мекемесіне Мұрат Мөңкеұлының есімі;
- 7) "№ 1 мектеп-гимназиясы" мемлекеттік мекемесіне Ығылман Шөрековтің есімі берілсін.

2. Мынадай білім беру ұйымдары:

- 1) "Жалпы білім беретін № 1 В.И. Ленин атындағы орта мектебі" мемлекеттік мекемесі – Атырау қаласы білім бөлімінің "Мағжан Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп" мемлекеттік мекемесі;
- 2) "Жалпы білім беретін Абай Құнанбаев атындағы орта мектебі" мемлекеттік мекемесі – Атырау қаласы білім бөлімінің "Мақаш Бекмұхамбетов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп" мемлекеттік мекемесі;

3) "Таңдай" орта мектебі" мемлекеттік мекемесі – Атырау облысы Махамбет аудандық білім бөлімінің "Қаршымбай Ахмедияров атындағы орта мектеп" мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б.Сағынтаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК